

Редакция жетістігі: 12 жылдық тарих, 100 мыңнан аса публикация

ТАҒЫЛЫМ

2011 жылдың наурызынан бастап шығады

XXVI бөлім

№01 (132)

Қаңтар
2025 жыл



«Educational Sciences Index» Қазақстан педагогтарының ғылыми-әдістемелік мақалаларының базасында индекстеу жүргізіліп, «Edunews.kz» ақпараттық агенттігі арқылы республиканың педагог қауымына таратылады



Басылым Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінде есепке
қойылып, 2011 жылдың 26 қаңтарында №11349-ж
тіркеу куәлігі берілген



Жақсылықова Әлия Жақсылыққызы,	
<i>Пароль сенімділігі.....</i>	<i>21</i>
Сарсембаева Рыскуль Жақсылықовна,	
<i>Нет повести печальнее на свете, чем повесть о Ромео и Джульетте... ..</i>	<i>23</i>
Турашева Гульзия Борановна,	
<i>Развитие речи в начальной школе: чтение, письмо, слушание и говорение</i>	<i>25</i>
Атайбекова Асия Мухабековна,	
<i>Ұлттық құндылықтарды сабаққа кіріктіру әдістері</i>	<i>27</i>
Айбаш Шолпан,	
<i>Ағылшын тілі сабағында практикалық грамматиканы үйретуде ойын түрлерін ұйымдастырудың мазмұны мен әдістері.....</i>	<i>29</i>
Кузекенова Рыскул Елубайевна,	
<i>Қазақ тағамы: дәм мен дәстүрдің үйлесімі</i>	<i>30</i>
Төрекұлова Айгүл Бақытқұлқызы,	
<i>Көне жиһаздар. Ағаш төсек жасау.....</i>	<i>31</i>
Шураева Айгуль Нуралиевна,	
<i>Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы.....</i>	<i>34</i>
Нұрқасымова Сағадат Хайроллақызы,	
<i>Бала тәбиесі- қоғамдық міндет</i>	<i>35</i>

«Қазіргі өмірің жайында ойлағанда, өткенінді есіне алып, болашағың туралы ойға шом». Бұл қанатты сөз тіркесі қоғам мен мемлекеттегі тарихи ғылымның міндеттерін айқындайды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің іргетасын әлемнің елеулі бөлігіне ықпалы тиген Еуразия көшпенділері мемлекеттілігінің дәстүрлері, бірнеше жүзжылдық ішінде қазақтардың бостандық үшін жүргізген күресінің тарихы, Ресей мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамында өмір сүрген тәжірибесі құрайды. Шынайы тәуелсіздік үшін Қазақстан әзірше ұзақ емес, бар-жоғы

жиырма сегіз жыл құрайтын жолдан өтті. Дамудың дүниежүзілік тарихымен салыстырғанда, ширек ғасыр соншалықты үлкен мерзім болмағанмен, бірақ біздер үшін – ол тұтас бір дәуір. Осындай салыстырмалы қысқа уақыт аралығында мемлекетіміз өз дамуының негізгі саяси векторларын айқындап, нарықтық экономикаға өтуді іске асырды, әлеуметтік күрделі тауқыметтерді басынан өткерді. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан қалыптасты. Осы тарихи кезеңді жете түсіну, одан сабақ алу отанымыздың тарихи ғылымындағы өзекті міндет болып саналады.

НҰРҚАСЫМОВА САҒАДАТ ХАЙРОЛЛАҚЫЗЫ,

Ақтөбе қаласы

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының педагогі

БАЛА ТӘБИЕСІ- ҚОҒАМДЫҚ МІНДЕТ

Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата – ананың табиғи құқығы әрі парызы. Қазақстан Республикасы Конституциясынан

Мектеп жасына дейінгі баланы толыққанды тәрбиелеу отбасы мен балабақшаның тығыз ынтымақтастығы кезінде ғана мүмкін болады. Ата – аналардың балаларға тәрбие беру міндеті ҚР Конституциясында, ал балалардың отбасындағы құқығы- бала құқықтары туралы конвенцияда белгіленген. Отбасы- барлығының басы, жан – жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық дамуын ескере отырып жарасымды жетілген ұрпақ тәрбиелеу. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Осы кезде «Балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын өзіңіздің мінез – құлқыңызды, өмірге көзқарасыңызды ой елегінен өткізіп бақыладыңыз ба?» деген сауал туады. Ұлы педагог А. С. Макаренко «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасына рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген. Отбасындағы ата – ана мен баланың қарым - қатынас нәтижесінде адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше – баланың алғашқы тәрбиешілері. Ата – аналар бала бақытының шынайы бағбаны балуы тиіс. Бала бақыты – білімде. «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды» дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Бүгінгі таңда болып жатқан өміріңіздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата – аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен

тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындай бірлесе жұмыс атқару керек. Бала психикасы үйдегі көрген – білген, естіген мәліметтермен толығыады. Әрбір ұстаз ата – аналармен қарым – қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып ата – ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс атқарса, ата – ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысты білімі кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуға. Тәрбиешілердің практикасында ата – аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әртүрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуда.

Осы орайда бала жанын ұғына отырып, оны ата-анаға жеткізу турасындағы ұтымды әдістеріміздің бірі, жанашыр досы ретінде әңгімелесу. Ата-анаға сіздің балаңыз деп емес, жаным ашыйды дей отыра баланың атымен мақтай отырып ұсыныс жасау, қай ата - ана болмасын түсіністікпен қабылдап, бірлесіп әрекет жасауға ұмтылады. Ал, отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата – аналардың педагогикалық – психологиялық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге қажетті тәжірибенің жоқтығынан болады. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата – аналарға көмектесу – тәрбиешілердің міндеті. Ата – аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады? Ол үшін біз, яғни психологтар, тәрбиешілер ата – аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі рөлін анықтау үшін ата – аналардың ұсыныс – пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алуымызға болады. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата – аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді, себебі ата – аналар заман

талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата – аналардың ұсыныс – пікірлерімен санаса отырып ата – аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, консультациялар, сұрақ – жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, психологиялық тренинг- сабақтар, ата – аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс – тәсілдері қарастырылады. Мұхтар Әуезов айтқандай: «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек». Өмірлік тәжірибе ұлы жазушымыздың сөзінің күдіреттілігін байқатады. Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс – шараларға, ата – аналарға және топ жиналыстарына ата – аналарды тартудың қажеттілігі: балаларда іс – әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады, балалар маңызды жетістіктерге жете алады; балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады; ересектер тәрбиешінің жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, ондағы гуманизациялау және демократияландыру үрдістері мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын белсендіру қажеттілігіне әкелді.

Отбасы – балаға «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден-бір алғашқы социум. Отбасының маңызы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше. Әрбір бала өз ата-анасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылығы үшін емес, қандай болса солай сүйгенін қалайды.

Бала үшін отбасы – бұл қоғамдық тәжірибенің көзі. Отбасында ол өзі еліктейтін үлгілер табады, мұнда ол әлеуметтік туылады. Егер біз адамгершілігі зор, дені сау ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен»: балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру, оны ауыстырмай, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу. Бұл:

- баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;

- бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;

- отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;

- отбасы өмірінің бейнесін жасау, отбасылық дәстүрлерді формалау;

- баланың жекелігін қабылдау және түсіну, балаға бірден-бір жеке тұлға ретінде сену және сыйлау.

Жоғарыда айтылған отбасылық қатынастарды жүзеге асыру үшін келесі тәрбиелік міндеттерді орындау бойынша жұмыстар жүргізілуі қажет:

- біріншіден, баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу;

- екіншіден, ата-аналармен олардың отбасылық шағын ортасын зерттеу үшін біріге әрекет жасау. Менің бала тәрбиесіндегі басты міндеттерімнің бірі осы бағытта. Бала тәрбиесінде ата анамен бірлесе жұмыс жүргізсек, болашақ қоғам қайраткерлерін дайындайтынымыз сөзсіз.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
«ТАҒЫЛЫМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ

ДИПЛОМ



I ДӘРЕЖЕ



«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және
«ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған
«Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының
«Үздік мақала» номинациясы бойынша
I орын алғандығы үшін

Нұрқасымова Сағадат Хайроллақызы

марапатталады

Қаңтар 2025 жыл

№ 2025 01(132)-257-ТК



ДИРЕКТОР

Н. КУАНДЫКОВ

Астана - 2025

СЕРТИФИКАТ

Нұрқасымова Сағадат Хайроллақызы

«ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының 2025 жылғы қаңтар айындағы №01 (132) санында «Бала тәбиесі- қоғамдық міндет» тақырыбында материалы жарияланғанын растайды

Тіркеу номері:

№ 2025 01(132)-278-ТК



Директор

Н. Куандыков